



050013, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 22  
Тел.: 8 (727) 257-70-01, факс: 8 (727) 292-60-25  
e-mail: allintamu.kz

050013, г. Алматы, ул. Сатбаева, 22  
Тел.: 8 (727) 257-70-01, факс: 8 (727) 292-60-25  
e-mail: allintamu.kz

05.09.14 № 15-14-10-02-2889

С.Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік  
университетінің ректоры  
С.М. Өмірбаевке

### Құрметті Серік Мәуленұлы!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті 2014 жылы 22-23 қазанда Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті - Елбасының қоры және Алматы қаласы әкімшілігінің қолдауымен университетің 80 жылдығына орай «XXI ғасырдағы инженерлік білім және ғылым: проблемалары мен келешегі» атты Халықаралық форум өткізеді.

Форумның мақсаты - «Қазақстан – 2050» Стратегиясының және Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін іске асыру аясында XXI ғасырда заманауи инженерлік білім мен ғылымды дамыту бойынша тұжырымдамалық көзқарастарды қалыптастыру.

Пленарлық баяндама мен секция отырыстарында Қазақстан экономикасының жетістіктері, XXI ғасырдағы инженерлік білім мен инновацияларды жүзеге асыру мәселелері талқыланады. Сондай-ақ, бәсекеге қабілетті инженер кадрларды даярлау және XXI ғасырдағы «Табиғат ресурстарының таусылуы», «Су тапшылығы», «Үшінші индустриялық төңкеріс», «Жаһандық энергетикалық қауіпсіздік» сияқты жаһандық сын-қатерлерге қарсы тұру аясында өндірістік мұнай-газ және тау-кен-металлургия, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар секторларына, агломерация, көлік, дәстүрлі және баламалы энергетикаға бағытталған инновацияларды іске асыру және Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін орындау мәселелері талқыланатын болады.

Форум жұмысына мемлекетіміздің басшылары, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Алматы қаласының әкімі, министрліктер мен ведомстволардың басшылары, Республикалық және шетел ұлттық ғылым академиясы өкілдері, шетелдік, ұлттық және аймақтық ЖОО ректорлары мен ғалымдары, сондай-ақ компаниялар мен өнеркәсіптік кәсіпорындар және корпорациялар өкілдері қатысады.

Форум жұмысына қатысуға шақырамыз.

Форумның ақпараттық хабарландыруы, концепциясы және бағдарламасымен [www.kazntu.kz](http://www.kazntu.kz) сайтынан танысуға болады.

Құрметпен,  
ректор

орын. Нусупова А.  
Тел. 8(727) 257-70-42, 87073648990

013340

Ж. Әділов

